

FTAMP 17.01.

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v66i1.1258>Кабулова Шахниза ^{1*}, Ордабекова Хафиза¹,¹«SDU University», Қаскелең, Қазақстан*e-mail: shahniza.kab@gmail.com.**«ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫНДАҒЫ ЭТНОЛЕКСИКАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

Аңдатпа. Этнолексика – қазақ ұлтының тұрмыс-тіршілігі, тарихы мен мәдениетінің қазынасы. Қазақ халқының қалыптасу жолында түрлі дәуірлер мен кезеңдерде қалыптасқан этнолексиканың тарихы тереңде жатыр. Қазақ тіл білімінде этнолексиканы зерттеу академик Ә.Қайдар еңбектерінен бастау алады. Ғалым тілді дүниетанымдық, мәдениеттанымдық және этнолингвистикалық бағытта қарастырады. Себебі тіл өз бойында көптеген ақпараттарды сақтайды және басқалардың этнос жайында ақпаратты танып-білуіне септігін тигізеді. Мақалада «Қыз Жібек» жырындағы этнолексика бірліктерін парадигмалық тәсілдің негізінде тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға топтастыру жұмысы жүргізілді. Соның ішінде зергерлік бұйым, қару-жарақ, құс атауларына этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан талдау жасалды.

Түйін сөздер: этнолексика, этнолингвистикалық талдау, лингвомәдени талдау, тілдік ақпарат, мәдени ақпарат.

Кіріспе

Жалпы тіл білімінде лингвистикалық зерттеулер антропоэзектік бағытта жүргізіліп келеді. Антропоэзектік бағыттағы зерттеулер адам мен тіл қатынасын ажыратуға, тілдегі адам бейнесін әртүрлі аспектіде зерттеуге мүмкіндік береді және бұл бағыт арқылы әр ұлттың тарихын, мәдениеті мен танымын, ділін зерттеуге, сайып келгенде, қазіргі таңда бұл бағыттың тіл білімі үшін жаңа белес болғанын атап өткеніміз жөн. Нәтижесінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, психолингвистика, т.б. секілді ғылымдардың негізі қаланды.

Ж.Манкеева өз еңбегінде этнолингвистикаға мынадай анықтама береді: «Этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа да халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани-мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы» [1, 230]. Белгілі бір көркем шығарманың этнографиялық қырын сөз еткенде, біз, міндетті түрде этнолексикаға барамыз. Этнолексикалық бірліктерді тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға топтастырып, олардың астарындағы тілдік және мәдени кодты ашуға тырысамыз.

Қазіргі тіл ғылымы тілдің коммуникативті қызметімен қатар, оның танымдық қызметіне, кумулятивті қызметіне айрықша мән береді. Ақыл-парасат, сезімиесіретіндегі саналы адамның ең басты қасиеті – өзін қоршаған ортаны танып-білуге деген ерекше құштарлығы. Дүниені танып-білудің негізінде зат, құбылыстардың адам санасында бейнеленуі жатады. Адам санасындағы заттар мен құбылыстардың бейнесі арқылы қабылданған ақыл-ой – ол заттардың өзі емес, солардың әсерінен пайда болған білім, ақпарат саналады. Сол себепті «таным» дегеніміз – сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнеленуінің қайшылыққа толы күрделі процесі ретінде сипатталады.

Тіл – этностың рухани және мәдени байлығының негізгі көрсеткіші. Этностың ұлттық болмысы, ұлттық дүниетанымы, ұлттық ойлау жүйесі туралы тілдік деректер оның тіл бірлігінде сақталып, сол арқылы болашақ ұрпаққа жеткізіліп отырады. Кез келген халықтың тіл көрінісі оның тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс-тіршілігіне байланысты және сол тіл әлемінен мол деректер береді. Этнолексикалық бірліктердің астарындағы мәдени ақпаратты ашу арқылы сол

халықтың дүниетанымын, мәдениетін тануға болады. Қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінен мол ақпарат беретін тілдік деректердің бірі – лиро-эпостық жырлар. Оның ішінде, «Қыз Жібек» жырының тіліндегі этнолексикалық бірліктерге этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасау мақаланы жазудағы негізгі өзектілікті көрсетеді.

Сондай-ақ, «Қыз Жібек» жырында кездесетін кейбір этнолексикалық бірліктерге этнолингвистикалық және лингво-мәдени танымдық тұрғыдан талдау жасаймыз.

Осы орайда «Қыз Жібек» жырындағы этнолексикалық бірліктерді жинақтау және оларды лексика-семантикалық топтарға топтастыру, этнолингвистикалық талдау жасау арқылы мәдени кодты ашу басты мақсатымыз болып табылады.

Аталған мақсат негізінде мынадай міндеттер қойылды:

- «Қыз Жібек» жырында кездесетін этнолексикалық бірліктерді тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға топтастыру;
- этнолексикалық бірліктерге этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасау;
- жырдағы этнолексикалық бірліктердің астарындағы тілдік ақпаратпен қатар мәдени ақпапаратты ашу.

Әдістер мен материалдар

Қазіргі этнолингвистиканың теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде этнолексика қарастырылып, лингвистикалық талдаулар жүзеге аса бастады. Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстықсипаты осы этнолексика аясында қарастырылады.

Ә.Қайдардың пікірінше: «Этнос мәдениеті әрбір этносқа тән табиғи, әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс. Өмір – тіршілік салты, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психологияны этнос мәдениетінен таба аламыз» [2, 74-75].

Қазақ тіл білімінде этнолексика жүйесі этнография, тарихи, лексика- семантикалық, этимологиялық және танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Атап айтқанда, «Қыз Жібек» жырының тіліне антропоэзектік тұрғыдан талдау жасаған ғалымдардың қатарына Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ө.Тілеуқабылұлы, Н.Уәли, А.Тұрышев, А.Б.Шормакова, Ө.Жәнібековтың ғылыми еңбектерін жатқызамыз [3, 145].

Нәтижелер және оларды талдау

Осы орайда, «Қыз Жібек» жырында кездесетін этнолексика мынандай тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға топтастырылды:

- киім-кешек атаулары: шытырма көйлек, дүрия бешпент, алтынды камзол жидеше, қара торқа;
- зергерлік бұйыматаулары: дүр жауһар сырға, алтын жүзік, алтын шашбау, лағыл;
- қару-жарақатаулары: найза, алмас қылыш, балта, айбалта, алтын балдақ, ақ семсер;
- құсатаулары: қарға, құзғын, қаз, қарға, үйрек, қыран;
- тұрмыстық зат атаулары: сым, сандық, жүген, пәуеске, күйме. Сонымен қатар, жырда бірқатар кірме сөздерді, оның ішінде араб-парсы тілінен енген кірме сөздерді кездестіруге болады. Мысалы: ділдә, жамбы, ғамкүн (қамкөңіл), сәске, махал (мезгіл), асфәһани, баһар (қуаныш) және т.б.

Ұлттық мәнге ие киім-кешек атаулары да әрбір ұлттың материалдық және рухани мәдениетінің көрінісі саналады. Киім-кешек түрлері мен үлгілері – тек эстетикалық нысан ғана емес, сондай-ақ ұлт өмірінен хабар беретін этноақпараттық мұра. Киім-кешек атауларына танымдық, этнолингвистикалық тұрғыда талдау жасауда Ш.Уәлиханов, Р.Сыздық, Ә.Марғұлан, Е.Жанпейісов, С.Мұқанов, Ж.Манкеева, Ө.Жәнібеков, Т.Байжанов, С.Қасиманов т.б. еңбектерінің маңызы зор [4, 210-211].

Киім атаулары тілімізде этнографизмдер қатарынан танылып, халық мәдениетін танытуға жол ашады. «Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі қазынасы» іспетті. Талғам мен салтанаты жарасқан қазақтың киімі ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі» [5, 217].

Ж.Манкеева киім атауларына қатысты лингвистикалық және этнографиялық зерттеу

мәліметтеріне сүйене отырып классификация ұсынады: сырт киім атаулары, үстінен киетін киім атаулары, іш киім атаулары, бас киім атаулары, әскери киім атаулары, аяқ киім атаулары, киімнің құрамдас қосымша бөліктерінің атаулары, киімге тағылатын әшекей бұйымдар атаулары, киімнің маусымдық ерекшеліктеріне қарай аталуы.

Қазақ киімінің ұлттық сипатын ғалым Ө.Жәнібек өз еңбегінде былайша танытады: «Қазақ киім-кешегі – ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан, елдің ғасырлар бойы қалыптасқан сезімталдық талғамын, сәндікке, үйлесім бірлігіне, көркемдікке ұмтылған жасампаздығы мен шығармашылығының жетістіктерін бойына сіңірген құбылыс. Оның қай- қайсымыздың болса да, ұлттық мақтаныш сезімімізді оятатыны хақ» [6, 67- 68]. «Қыз Жібек» жырындағы «Кебісінің өкшесі Бұхардың гаухар тасындай» үзіндісіндегі «кебіс» сөзіне «Қазақ энциклопедиясы» сөздігінде «мәсінің сыртынан киюге арналған, былғарыдан тігілген қонышсыз аяқ киім», [7, 51] – деген анықтама берілген. Жайпақ кебісті ер адамдар, өкшелі кебістерді қыз-келіншектер киген. Кебістің басын жұмсақ былғарыдан, табанын қатты ұлтаннан, өкшелі етіп тіккен. Оны оюлармен, түрлі бағалы тастармен әсемдеген. Сөздің шығу тегі иран тіліндегі «кәф», «кәфф» сөзінен бастау алады, «аяқтың табаны» деген мағынаны береді. Яғни, «табан» мағынасын беретін «кәф», «кәфш» сөзі кейіннен «кебіс» деп қазақ тіліне дыбыстық өзгеріске ұшырап, қолданысқа енген. Қарақалпақ тілінде – кеуиш, өзбекше – кавуш, түрікмен тілінде – ковуш. Бұл тіркесте теңеу болып тұрған «Бұхардың гаухар тасындай» деген сөзге мән беретін болсақ, біріншіден, өкшелі кебістің әйел адамға тән екендігін көрсетеді. Яғни кебістің иесі – Жібек. Сонымен қатар кебістің өкшесіне «Бұхардың гаухар тасындай» деп теңеу бергеніне қарап өкшенің әдемі, бағалы әрі мықты болғандығын байқаймыз. Бұхар қаласының ертеректе асыл тас өндіретін орталығы болғандығы белгілі. Әрі Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі сауда орталығына айналған. Қолөнері мен сауда-саттығы қатар дамыған Бұхардың асыл тасы да, безендірілуі де сапалы болғандықтан, сәндік бұйымдар сол жақтан алынып отырған.

Қазақ халқының тұрмысымен байланысты, рухани дүниесімен сабақтаса қалыптасқан этнолексика ұлт мәдениетінде ерекше қолданылып, өзінің өн бойында тілдік ақпаратпен қатар, мәдени ақпаратты сақтайды. Ұлттық мәдениеттің ерекшелігін танытумен қатар, қазақ лексикасы байлығының бір бөлшегін құрайды. Адамдардың киім киісі олардың ақыл-парасатын, мәдениетін, әлеуметтік жағдайын, мінез-құлқын да аңғартады.

Көш артына қараса
Бір қыз кетіп барады.
Қара жорға мінгені,
Қара торқа кигені....

Бұл жердегі «торқа» сөзі мата атауының бірі – ең қымбат жібек матаның атауынан шыққан. Сонымен қатар, «торқа» той-думан мағынасында да қолданылады. «Торқалы көйлек, торқаға орану, торқалы той» деген тіркестер әлі «тірі». Қалада болмаса да алыс ауылдарда айтылып жатады. Торқалы той, тұмарлы жүйрік – даңқты үлкен мереке, кәделі, салтанатты жиын, мерейтой. Торқалы той, топырақты өлім – бір қуаныш, бір қайғы [8, 90]. Бұл ұлтымыздың ежелден келе жатқан бірлігі, ағайын-туыс, тұтас елдің ұрандасып, баталасып, барлығын да бірге атқарысуы. Ауыл, рулы ел болып жұмылу салтын білдіреді.

Дүрия бешпент бел,
Бұл дүниені кең салып,
Алтынды қамшы қолға алып,
Абжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады...

«Дүрия бешпент» тіркесіндегі «бешпент» М. Қашқари өз зерттеулерінде ішмек қозы терісінен тігілген бешпент – деген түрін атайды. Осы тұлғалы сөз парсылардан арабтарға өткен болса керек, араб тілінде: бишт – плащ іспеттес киім мағынасын береді. Жырда «бешпент» қалыңдықтың сырт киімі сипатында қолданылып тұр [9, 23]. Ол да асыл матадан алтын жіппен зер салынып, өрнектеліп тігіледі. Шапанның өңіріне оюлы өрнек салынса, етегіне өсімдік тектес өрнектер кестеленеді. Бұл - өсіп-өңсін, өркенді болсын деген тілек

белгісі. Ал «дүрия» сөзінің этнолингвистикалық сипатына тоқталсақ, дүрия - жылтырауық, тығыз, жібек мата. Дүриядан көбінесе қыз-келіншектердің сән-салтанатты киімдері (көйлегі, қамзолы) тігіліп, жігіттердің бас киімдері (бөрігі, жекей тымағы) тысталған.

Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады;
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулесі бетінде,
Бұралып кетіп барады...

Бұл жердегі «шытырма көйлек» тіркесі шытырма қадалған, шытырма тағылған көйлек. Сол кездегі шытырма көйлек, алтынды қамзол, дүрия бешпент киген қазақ әйелінің сыртқы келбетін бергендей (Қаз. әдеб., 07.09. 1984,14). Бұл жерде де қыздың материалдық жағдайын сипаттап тұр. Өкінішке орай қазіргі кезде қолданыста арнайы тапсырыссыз жоқ. Көйлектің шытырма тағылған түрі өте салтанатты қыздарға ғана тән болған. Бұл қыздың асқақтығы мен әдемілігін көрсететін.

Қазақ әйелдерінің киімдерінің тігу тәсілі бір болғанымен, оның матасы әртүрлі еді. Матаның әйелдің нәзік денесіне жайлы болуы басты талапқа кірген. Жібекті қытай көпестері жеткізген, ол кезде Қытай мемлекеті өзінің Қытай империясының тыныштығын сақтау үшін үнемі жібек торғын-торқалар сыйға тартып тұрған.

Қырық нарға жүк арттырған.
Қамқа зерлі кілемді,
Жүк үстіне жаптырған
Казинелі қырық нарға
Жібектен арқан тарттырған.

Бұл жердегі «қамқа» алтындатқан яки күмістеткен, зерлі жіптен тоқылған жібек мата. (Қуралұлы А. Қазақ дәстүрлі медениетінің энциклопедиялық сөздігі. — Алматы: «Сөздік-Словарь». 2007).

Сексен түйе қомға алған,
Сексені де болмаған.
Сексен түйе үстінде
Алтынды жағдай орнаған.
Асфәһани кілемдер –
Жібектен гүлін торлаған...

Жырда «Асфәһани» сөзі бірнеше рет кілем сөзімен тіркесіп қолданылады. Исфәхан – Иран тарихында парсылардың екі рет астанасы болу құрметіне ие болған әсерлі тарихы мен көрнекті сәулеті бар Иранның үшінші ірі қаласы [10, 7]. Исфәханның алтын ғасыры 16 ғасырда Ұлы Шах Аббас I (1587-1629) тұсында келді, оның кезінде қала Сефевидтердінастанасы болды және жүз жылдан астам сол күйінде қалды. Ұлы Аббас тұсында Исфәханда саябақтар, кітапханалар мен мешіттер салынды, бұл еуропалықтарды таң қалдырды. Жырдағы «Асфәһани кілемдер», «Асфәһанның жұпары, Стамболдың гауһары» жолдарындағы тіркестер де парсы кілемдерінің бағалылығы мен сол кездегі халықтың әл- ауқаты мен әлеуметтік жағдайынан хабардар етеді.

Ұлттық киімдер қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің дамуымен қатар дамыды. Сол себепті, біз, зерттеу барысында жырдағы киім-кешек атауларын сипаттағанда қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің шығуы мен дамуын зерттеген Ұ.М.Әбдіғапбарованың қазақ тарихын топтастырған А.Қ.Ақышев, М.Х.Асылбеков, К.М.Байпақов, Ж.Қ.Қасымбаев қатарлы тарихшы ғалымдардың топтамасына да сүйендік [11, 5]. «Қыз Жібек» жырындағы көштің суреттелуі тұнып тұрған этнографиялық деректерге толы. Көшпен келе жатқан әр қыздың жанынан өткен сайын, оның дене тұрқын, киімі мен әшекейін, мінген атына дейін жіті суреттеген.

Қазақтың ұлттық киімдерінің дизайндық ерекшеліктеріне жасаған талдау оның тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғарылығын дәлелдейді. Мәселен, ұлттық киімдерде халықтың дүниетанымы, ой-түйсігі, арман-тілегін және оның ерекше эстетикалық талғамын көрсетеді.

Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған. Көшпенділер адамзат тарихында атқа отыруға қолайлы болу үшін ойлап тапқан кең шалбар мен екі өңірі ашық, қаусырылатын кеуде киімі – шапанды адамзат өркениетіне қосқан.

Сонымен қатар, жырда қазақ халқының тыныс-тіршілігінен ақпарат беретін тұрмыстық-зат атаулары да әсерлі және астарлы түрде сипатталған.

Қыз Жібек мінген күймесін,
Күймеге тағып түймесін,
Бүйте берме, ей Жібек,
Кесірің жұртқа тимесін!

Күйме – арбаның үстіне қондырылған киіз үй немесе матадан жасалған қалқа. Күйме қатты заттардан, сәнді былғарыдан, тоқыма шарбақтан, жібек матадан да жасалған. Күйменің бағзы дәуірлерде қолданыста болғандығын жартас бетіне шекілген суреттерден көруге болады. Күйменің қарапайым түрлері ерте заманнан бері маңызын жоймай, ұдайы түрленіп кемелденіп отырған. Күйменің екі, төрт дөңгелекті арба үстіне үй, қос, кішкене қорапша орналастырған түрлері болғандығын археологиялық, тарихи, жазба деректерден айқындауға болады. Күйменің кейбір түрлері әскери мақсатта қолданылған. Академик Ә. Қайдаров болжамы бойынша, көне түркі тіліндегі дөңғалақты күймені білдіретін «кангка» термині осы күнге дейін қазіргі қазақ тілінде «үйдің қаңқасы», яғни, «киіз үйдің сүйегі» деген мағынада да қолданылатындығын айтады. XIV ғ.-дың 30-жылдарында саяхат жасаған араб саяхатшысы ибн-Батута жазбасында күйме ішін киізбен және матамен қаптап сәндейтінідігін, онда жатып тынығуға, тамақ ішуге лайықталғандығына ерекше назар аударған. Рузбехан еңбегінде: «Шайбани хан Қасым ханның қазақ қоныстарына шабуыл жасап, ауылдарды тонап, 10000 күймелі үйді алып кеткендігін айта отырып, «Мен бұрын мұндай арба үстіне жасалған киіз үйлерді көрмеген едім. Бұл үйлердің жасалуының өзі бір тамаша, кейбір үйлердің алды-артында терезелері бар», – деп жазған.

Сондай-ақ, күйме жас жұбайлардың үйлену алдында тұратын үйі есебінде қазақтарда XVIII ғасырға дейін сақталған деген мәлімет те бар [12, 93]. Кейін оның құрылысы өзгеріске ұшырады. Сәнді етіп жасалған кіріп-шығатын есігі және перде тағылған ашық терезесі бар айрықша сәнді түрін «көк күйме» деп атады. Оны бекзадалар мен ауқатты қазақтар пайдаланғанға ұқсайды. Сондай-ақ, ауқатты қазақтар жаңа отбасын құрған жастарға арнап және сән-салтанатын көрсету үшін отбасы мүшелеріне арнайы тапсырыспен күйме жасатқандығы туралы ауызша деректер бар. Дегенмен, қазақ даласында қос дөңгелекті арбалардың көшіп-қону кезінде кең қолданыста болғандығын Ш. Уәлиханов қырғыздар туралы жазбасында шендестіру мысалында (қырғыздарда қосдөңгелекті арба жоқ дейді) айтылады.

Ұлттық құндылықтардың қатарына қолөнер туындылары, оның ішінде, зергерлік бұйымдар ерекше орын алады. Қазақ халқы өзге ұлт секілді әсемдікке қатты мән береді. Қазақ қыздарының қолаң шашы әлемнің өзге сұлуларынан ерекшелендіріп тұратын дүниесі. «Қыз Жібек» жырында әйел затының әсемдігін айқындай түсетін шолпы, шашбау сөздері бірнеше рет қолданысқа түскен.

Қазақ халқы ежелден шашбауды қара ниетті тылсым күштерден қорғану мақсатында таққан. Яғни, шашбау даусынан жын-шайтандар қашады деген түсінік қалыптасқан. Шашбау – қыз-келіншектердің ажарын айқындай түсетін сәндік әрі өрілген бұрымды бекіту үшін шашқа тағатын әшекей бұйым [13, 148]. Шашбау негізінде күмістен жасалады, оның ұшына теңгеден шашақ жасалады. Шашбауды шашпен бірге қоса өріп, бір байланып, бұрымның ұшы байланады. Жасөспірім қыздардың шашбаулары әшекейленген болып келеді, жасы келген әйелдердің шашбаулары қарапайымдау болып келеді [14, 124]. Шашбау атауы – шашты буатын бау деген сөздердің қосылуынан, яғни аналитикалық тәсіл арқылы жасалғанын байқауға болады.

Жырда кездесетін «Алтын шашбау басында» жыр жолындағы «шашбау» және «алтын шашбау» деген екі сөзді жеке-жеке қарастырайық. «Шашбау» сөзіне келер болсақ, шашбау сөзі арқылы суреттеп отырған қыздың сәнқой, әрі қолаң шаш иесі екендігін анықтай түседі.

Шашбау қазақ қыздарының, қазақ әйелдерінің ажарын айқындай түсетін сәндік бұйым. Шашбау болсын, шолпы болсын қыздың жүрісінің әсемдігін көрсету үшін таққан. Яғни, шашбау даусы қатты шықса, қыздың асығыс жүрісі еркекшоралау екендігін білдірсе, ақырын шыққан дауыс қыздың сабырлы, биязы екендігін көрсеткен.

Шашбау таққан, соның ішінде алтын шашбау таққан Жібектің байдың қызы екендігін көрсету мақсатында автордың «алтын» сөзін әсірелеу ретінде қолданған. Жібектің байдың қыздарының бірі емес, ақылына көркі сай, Төлегеннің қанша жол жүріп іздеп келуге тұрарлық қыз болғандығын көрсету үшін қолданылғаны анық.

Дүрі – гауһар сырғасын –
Көтере алмай тұр құлағы...

Дүр, Дүррі – теңіз түбінен алынатын қымбат бағалы асыл тастың бір түрі, інжу.[15, 21]. Бір кездері араб тілінен енген дүр сөзі көне әдебиет нұсқаларында жиі кездеседі: Түбінен дарияның дүрлер теріп, Алдына аға- інінің төгер едім. Жай қылған жабықтырмай жанның көңілін, Өзімді Атымтайға теңер едім (Үш ғасыр жырлайды).

Дүр сөзі өте көне сөзге жатады. Себебі өткен ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы: Сүйегі асыл дүр еді (Қамбар батыр), Шешен жігіт дүрмен тең (Шал ақын), Ақылы асқан дүр болар (Шортанбай Қанайұлы), –Ақылын айт осының? – деді дүрім (Т. Ізтілеуов). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөзді «атақты, зор, әйгілі» [16, 210] деп түсіндіреді.

Ғ. Мұсабаев дүр сөзін көне жұрнақ десе, Е. Жұбанов дүр шылау формасы, оның түптөркіні модаль болуы тиіс екенін, алайда поэзия тілінде бұл тек етістікке жалғанбай, есім сөздермен де тіркесіп келе беретінін айтады [17, 106]. Ал Р. Сыздықова: «XV-XVII ғасыр поэзиясында дүр варианты басым болғанға ұқайды, кейіннен бұл үлгілер хатқа түскенде - ды, -ді, -ты, -ті болып өзгеруі мүмкін» [18, 98], – деген пікір айтқан.

Араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде дүр араб сөзі, қымбат асыл тас [19, 181], – деп көрсетілген. Қазақ тіліндегі бейнелеуіш сөздердің мағынасын зерттеген Қ. Хұсайыновтың айтуынша, дүр түбірі ауыспалы мағынана «даңқты болу», «белгілі атақты болу» дегенді білдіреді [20, 39].

Бұл сөз маржан сөзімен қосарланып дүр-маржан түрінде айтылады да, теңізден алынатын органикалық текті асыл тастың жиынтық түрлері деген ұғымды білдіреді.

Үлкен, әртүрлі асыл тасты көне сырға дүр гауһар сырға деп аталады. Сырғаның мұндай түріне байланысты атау қазіргі тілімізде кездеспейді. Осындай сырғаның болғандығы туралы этномәдени дерек қазақтың эпостық жырларында сақталып отыр. «Қыз Жібек» жырындағы дүрі гауһар сырға деп сипатталуына тоқталатын болсақ, Жібектің ар-намысы мен абыройын асқақтату мақсатында қолданылған десек те болады. Бұл жердегі «дүрі гауһар» тіркесі плеоназм тәсілі арқылы жасалған.

Плеоназм тәсілі – мағынасы бір-біріне жуық, бірінің орнына бірі жұмсала беретін лексикалық бірліктер жиынтығы. Яғни, ойды күшейту мақсатында, экспрессия қосу арқылы бұл тәсіл жырда ұтымды қолданылып тұр. Халық ауыз әдебиетінде бұл тәсіл сөзге реңк беріп, эмоционалдық-экспрессивтік мәнін күшейту мақсатында жиі қолданылады.

«Дүр» сөзінің мағынасы Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (Алматы, «Ғылым», 1978, 211-бет) жазылған мысалдарға қарасақ, атақты, даңқты, атышулы дегенге саяды. Жалпы алғанда, «дүр» деген сөз өзін жоғары ұстаған, немесе өзгеден биік болған, атағы зор кісілерге айтылады.

«Болғанда өзін пілдей, сөзін дүрдей» деген өлең жолдары бар. «Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей...» – дейді Абай...

Қару-жарақ атаулары да мәдениетті танытудың бірден-бір жолы.

«Қыз Жібек» жырындағы «Найзасы аумай қолынан, Алмас қылыш сартылдап, Шапса балта өте ме?, Білегінің шырайы - Айбалтаның сабындай, Алтын балдақ, ақ семсер » сынды қару-жарақ атаулары көптеп кездесіп, қазақ ұлтының ажырамас бөлігі екендігін көрсетеді. Бұл атаулар этностың ұлттық ерекшелігін танытады. «Білегінің шырайы – Айбалтаның сабындай» үзіндісі арқылы қазақ түсінігінде қару-жарақ атауы тек соғыс құралы ғана емес, ұлттың өмір

сүру динамикасына еніп кеткендігімен көрінеді. Мұндағы «айбалта»сөзі «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» соғыс қаруы деп түсіндіреді [21, 112]. Айбалтаның басы қатты металдан, пішіні әр түрлі болып жасалады. Балтаның басы ай секілді дөңгеленіп келуі «айбалта» атауының шығуына сеп болған. Қазақ айбалтаны қастерлеген әрі оның басына күмістен ою- өрнек салып, әсемдеген.

Айбалта сабы ағаштан жасалып, кейде терімен қапталған, темір жапсырмалармен кейде, тұтастай терімен, күміспен де қапталып жасалған. Айбалтаның сабы мығым, қатты соққыға шыдас беретін болған [21, 60]. Жырда айбалтаның Жібектің білегіне қатысты теңеу ретінде образды жасау үшін қолданылған. Өйтсе де айбалтаның ер адамдардың қолданатын қаруы болғанына қарамастан, әйел адамның образын жасауда қолданғанының екі түрлі түсіндірмесі бар. Бірінші – айбалтаның сабы 70 см болса, адамның қолының ұзындығы да 70 см. Бұл қазақ өлшем бірліктерді өздері қолданатын заттарға қарап өлшегендігін көрсетеді (қарыс, тұтам, елі). Екінші түсіндірме ретінде Жібек өмір сүрген уақытта білезіктің салмағы, сапасы, қалыңдығы қыздың байлығымен тікелей байланысты болған. Байдың қыздары алтын немесе күмістің сапалысын, салмағы ауырын киген. Сонымен қатар, айбалтаның сабы қазақ халқының дүниетанымында әдемілікті, әсемдікті көрсетеді. Өйткені айбалтаның сабын күмістен безендіріп, жылтыратып әсемдейтін болған. Жырда Қыз Жібектің әшекейді тағып жүрген білегінің әдемілігін осылайша айбалтаның сабына теңеу арқылы сипаттаған.

Тағы бір қазақ мәдениетінің көрінісін этнолексикаға бір сөздің екі түрлі лексикалық мағынада қолданылуынан да көруге болады. Оның бірі: «жағалай біткен бидайық» жолдарында өсімдік мағынасында, ал екіншісі «желкесінен қиды бидайық» дегенде құс атауын сипаттағанын көреміз:

«Ел жайлаған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
Қолымдағы тұйғынның –
Зулап келіп аспаннан,
Желкесінен қиды бидайық»

«Қазақ-дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде» (Алматы, Сөздік-Словарь, 1997):

1. «Бидайық, зат. Көп жылдық астық тұқымдас жабайы өсімдік.

2. Бидайық, зат. Тұрымтай, қаршыға тұқымдас жыртқыш құс», – деп анықтама берілген.

«Қыз Жібек» жырындағы «Жағалай біткен бидайық» жолынан өсімдік атауының аталғанын байқауға болады. Деректерге сәйкес, бидайық өсімдігінің қазақ жерінде 44 түрікездеседі. Бұл өсімдіктің тамыр сабақтары ұзын, жер астында 2 метр тереңдікке дейін өседі. Сабағы тік, әрі оған жапырақтары таспа секілді кезектесіп орналасады [22, 193].

Қазақ әдебиетінде: «Жонның қар суымен шығып, желкілдеп тұнып тұрған бидайық....(Ж.Аймауытов, Шығ.), «.....Егін, ну, жасыл бидайық, Далам да сенен нәр алған» (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

«Толқынның құлағына даланың самал желі тербеткен сұр бетеге, ақ бидайық пен көк қияқ, сары сүттігеннің сылдыр-сылдыры келеді» [23, 187- 189].

«Зулап келіп аспаннан, Желкесінен қиды бидайық», – жыр жолдарындағы «бидайық» атауы контексте берілгендей құс атауын көрсетіп тұр. Бидайық құсы – сұңқарлар тобына жататын жыртқыш құс. Таулы-жырақты жерлерді мекендейді. «Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы» еңбегінде бидайық құсына мынандай сипаттама береді:

«шәулісінің (қоразының) қанатының ұзындығы 27-30 см, салмағы 330-350 г, ұябасары шәулісіне қарағанда ірілеу. Арқасы көлденең жолақты сұр, ал бауыры күрең, қызғылт күрек түсті келеді. Төсінде дөңгелек дақтары бар».

Жырдағы Жібектің көрген түсіндегі екінші тіркесте «Зулап келіп аспаннан, Желкесінен қиды бидайық» деп жыртқыш құсты сипаттау арқылы Бекежанның Төлегенді өлтіруін, Бекежанның символдық образы ретінде қолданылған.

Осылайша, «Қыз Жібек» жыры негізінде этнолингвистикалық талдау жасау арқылы

халықтың мәдениетімен тереңінен танысуға, қолданыстан шығып бара жатқан сөздерді қайта қолданысқа енгізуге, түсінуге үлес қосады.

Қорытынды

Кез келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Этнолексика – қазақ этносы мәдениетінің құнды деректерін бойына терең дарытып жинақтаған, ғасырдан-ғасырға мұра болып келе жатқан байлығы. Ұлттық тіл – өте кең ұғым, өзінің тарихи дамуына қарай күрделі, сан қилы өткелдерден өтетіндіктен, құрамы жағынан бірыңғай бола бермейді.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне қатысты тілдік бірліктердің табиғаты «тіл мен ұлт біртұтас» қағидасына негізделеді. Тілдің лексика- семантикалық жүйедегі қолданыстары ұлттың мәдени көзі ретінде ашыла түседі. Қазақтың күнделікті тұрмысында қолданылған киім атауы ұлттық талғам мен ұлттық сана сабақтастығының негізінде қалыптасып, сол ұлттың болмысын көрсететін интегралды туындының тілдегі айқын бейнесін көрсетеді. Ұлттың жалпы рухани өмірін, тілдік және елдік қасиетін бейнелейтін ұлтқа қатысты байырғы этнолексика атаулары «Қыз Жібек» жырында көрініс тапқан. Демек, «Қыз Жібек» жырында қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар халқымыздың мәдени, индивидуалды, интеллектуалды эстетикалық танымының бай екендігі ондағы этнолексиканың танымдық сипатын тілдік бірлік жүйесінде қолдану қажеттілігінен туындайтындығын анықтайды.

Қорыта келгенде, «Қыз Жібек» жырындағы этнолексикалық бірліктерге этнолингвистикалық талдау жүргізу арқылы қазақ халқының ұлттық мәдениетін, ұлттық болмысын, ұлттық киім кию үлгісін байқаймыз. Жырдағы этнолингвистикалық сөздер өзінің барлық баяу- нышанымен, сыр-сипатымен, құпия астарымен, құдірет-қасиетімен көрінген. Сонымен қатар, этнос, тіл, әлем, тарих сынды түсініктер ұлттың мәдени және рухани өрісін кеңейте келе, ондағы тілдің танымдық деңгейін өсіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 287 б.
- 2 Манкеева Ж.А. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері. – Алматы: Арыс, 1997. – 127 б.
- 3 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. Алматы: Атамұра, 2014. – 728 б.
- 4 Бабалар сөзі. 26-том. – Астана: Фолиант, 2014. – 382 б.
- 5 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
- 6 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. /Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 384 б.
- 8 Жәнібек Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996. – 192 б.
- 9 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. Алматы: Атамұра, 1998-2010
- 10 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- 11 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011
- 12 Кейкін Ж. Қазақ атаулар мен бұйымдар. – Алматы: Өлке, 2000. – 256 б.
- 13 Алмауытова Ә. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2004. – 131 б.
- 14 Әбдіғабарова Ұ.М. Қазақ сәндік қолданбалы өнерінің тағлымы: оқу құралы. – Алматы, 2002. – 118 б.
- 15 Бабалар сөзі: Жүзтомдық.—Астана: «Фолиант», 2009.Т. 54: Ғашықтық жырлар. — 456 бет.
- 16 Бабалар сөзі: Жүзтомдық.—Астана: «Фолиант», 2009. Т. 53: Ғашықтық жырлар. —456 бет.

- 17 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240.
- 18 Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987;
- 19 Вайнштейн С.И. Мир кочевников центра Азии. М.: Наука, 1991;
- 20 Жәнібеков Ө. Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995;
- 21 Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982. – 159 б. 2
- Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 363 б.
- 22 Бекмухамбетова Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 200 б.
- 23 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тіл дамыту институты, 2017. – 656 б.++

References

- 1 Qaidar Ä. Qazaqtar ana tılı äleminde. – Almaty: Daik-Pres, 2009. – 287 b.
- 2 Mankeeva J.A. Etnos tılı tabiğatynyñ erekselikteri. – Almaty: Arys, 1997. – 127 b.
- 3 Qaliev B. Qazaq tılınıñ tüsındırmeli sözdıgı. Almaty: Atamūra, 2014. – 728 b.
- 4 Babalar sözi. 26-tom. – Astana: Foliant, 2014. – 382 b.
- 5 Qaidar Ä. Ğylymdağy ğümyr. Maqalalar, baiandamalar jınağy.-Almaty: Sardar, 2014. – 520 b.
- 6 Mankeeva J. Qazaq tıl bılıminıñ мәseleleri. – Almaty: Abzal-ai, 2014. – 640 b.
- 7 Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıgı. /Jalpy redaksiasyn basqarğan T.Janūzaqov. – Almaty: Daik-Pres, 2013. – 384 b.
- 8 Jänıbek Ö. Qazaq kımı. – Almaty: Öner, 1996. – 192 b.
- 9 Qazaqstan tarihy. Köne zamannan büginge deın. 5tomdyq. Almaty: Atamūra, 1998-2010
- 10 Mankeeva J.A. Mädeni leksikanyñ ülttyq sipaty. – Almaty: Ğylym, 1997. – 272 b.
- 11 Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürlı jüiesı. Ensiklopedia. - Almaty: DPS, 2011
- 12 Keikın J. Qazaqy ataular men büiymdar. – Almaty: Ölke, 2000. – 256 b.
- 13 Almauytova Ä. Qazaq tilindegi kım ataularynyñ etnolingvistikalyq tabiğaty. Filologia ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi дәrejesın alu üşın daiyndalğan disertasia. – Almaty, 2004. – 131 b.
- 14 Äbdığapbarova Ü.M. Qazaq sändık qoldanbaly öneriniñ tağlymy: oqu qūraly. – Almaty, 2002. – 118 b.
- 15 Babalar sözi: Jüztomdyq.—Astana: «Foliant», 2009.T. 54: Ğaşyqtyq jyrlar. —456 bet.
- 16 Babalar sözi: Jüztomdyq.—Astana: «Foliant», 2009. T. 53: Ğaşyqtyq jyrlar. —456 bet.
- 17 Qasimanov S. Qazaq halqynyñ qolöneri. – Almaty: Qazaqstan, 1995. – 240.
- 18 Arğynbaev H. Qazaq halqynyñ qolöneri. Almaty: Öner, 1987;
- 19 Vainştein S.İ. Mir kochevnikov sentra Azii. M.: Nauka, 1991;
- 20 Jänıbekov Ö. Jolaiyryqta. Almaty: Rauan, 1995;
- 21 Rüstемов L.Z. Qazırgı qazaq tilindegi arab-parsy kırme sözderı. Almaty, 1982. – 159 b. 2
- Jūmaliev Q. Qazaq әdebieti tarihynyñ мәseleleri jäne Abai poeziasynyñ tılı. – Almaty, 1960. – 363 b.
- 22 Bekmuhambetova E.B. Qazaq tilindegi arab-parsy sözderı. – Almaty: Qazaqstan, 1977. – 200 b.
- 23 Mamyrbekova G. Qazaq tilindegi arab, parsy sözderiniñ tüsındırme sözdıgı. – Almaty: Memlekettık tıl damytu instituty, 2017. – 656 b.

Shahniza Kabulova¹, Khafiza Ordabekova¹

¹«SDU University», Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: shahniza.kab@gmail.com

IN THE POEM KYZ ZHIBEK"

Abstract. Ethnolexics is a treasure of life, history and culture of the Kazakh nation. On the way of formation of the Kazakh people, the history of ethnolexics, which has developed in different epochs and periods, is deep. The study of ethnolexics in Kazakh linguistics originates in the works of A.Kaidar. The scientist considers the language in ideological, cultural and ethnolinguistic directions. Because the language stores a lot of information and helps others to learn information about the ethnic group.

The article deals with the grouping of ethnolectic units in the poem «Kyz Zhibek» into subject and lexico-semantic groups based on a paradigmatic approach. In particular, an ethnolinguistic and ethnocultural analysis of the names of jewelry, weapons, and birds was carried out.

Keywords: ethnolexics, ethnolinguistic analysis, linguocultural analysis, linguistic information, cultural information.

Кабулова Шахниза ¹, Ордабекова Хафиза ¹

¹«SDU University», Каскелен, Казахстан

*e-mail: shahniza.kab@gmail.com

ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР ЭТНОЛЕКСИКИ В ПОЭМЕ "ҚЫЗ ЖІБЕК"

Аннотация. Этнолексика – сокровище жизни, истории и культуры казахской нации. На пути становления казахского народа глубока история этнолексики, сложившейся в разные эпохи и периоды. Изучение этнолексики в казахском языкознании берет свое начало в трудах А.Кайдар. Ученый рассматривает язык в мировоззренческом, культурологическом и этнолингвистическом направлениях. Потому что язык хранит в себе много информации и помогает другим узнавать информацию об этносе.

В статье проведена работа по группировке единиц этнолексики в поэме «Кыз Жибек» на предметную и лексико-семантическую группы на основе парадигматического подхода. В том числе был проведен этнолингвистический и этнокультурный анализ названий ювелирных изделий, оружия, птиц.

Ключевые слова: этнолексика, этнолингвистический анализ, лингвокультурный анализ, языковая информация, культурная информация.

Келін түсті 19 Қараша 2023